

"Жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 7 маусымдағы № 237 байрығына  
өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 386 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 15383 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылымы министрінің м.а. 2024 жылғы 5 ақпандағы № 47 бүйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылымы министрінің м.а. 05.02.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 7 маусымдағы № 237 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7785 болып тіркелген, 2012 жылғы 28 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 540-545 (27618) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережеде:

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй комиссиясы тақ санды кемінде бес адамнан (орталық мемлекеттік органдарда кемінде жеті), оның ішінде кәсіподак ұйымының өкілдерінен (болған жағдайда), уәкілетті органның өкілдерінен және тұрғын үй комиссиясының хатшысынан қалыптастырылады.

4. Тұрғын үй комиссиясының құрамына мыналар кіреді:

уәкілетті органның бірінші басшысы (орталық мемлекеттік органдарды қоспағанда);

жауапты хатшы немесе "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығының З-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Жарлық) оның міндептін атқарушы тұлға (орталық мемлекеттік органдарда);

аппарат басшысы немесе уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасарлары (жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген орталық мемлекеттік органдарда);

заң қызметінің басшысы (болған жағдайда);

қаржы қызметінің басшысы;

кадр қызметінің басшысы;

Тұрғын үй комиссиясының хатшысы;

үштен аспайтын кәсіподақ ұйымының өкілдері (болған жағдайда);

уәкілетті органның өкілдері.

5. Тұрғын үй комиссиясын уәкілетті органның бірінші басшысы басқарады.

Орталық мемлекеттік органдарда Тұрғын үй комиссиясын жауапты хатшы немесе Жарлықтың З-тармағына сәйкес оның міндептін атқарушы тұлға басқарады.

Жауапты хатшы лауазымы енгізілмеген орталық мемлекеттік органдарда Тұрғын үй комиссиясын аппарат басшысы немесе уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасары басқарады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тұрғын үй комиссиясы, отырысты қажеттілігіне қарай өткізетін орталық мемлекеттік органдарды қоспағанда, отырысты айына кемінде бір рет өткізеді.";

9-тармақ алғыншыл тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үй комиссиясы хатшысының дауыс беру құқығы жоқ.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тұрғын үй комиссиясының шешімі, егер оны қатысып отырған мүшелердің үштен екісі қабылдаса, занды".

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің

эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі*

*Ж. Қасымбек*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК